

Биржа саудасының қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 мамырда № 10993 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 19.07.2022 № 294-НҚ (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Биржа саудасының қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 19.07.2022 № 294-НҚ (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Сауда қызметін реттеу департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жолдануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің
міндетін атқарушы

Т. Жақсылықов

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 30 тамыздағы
№280 Бұйрығымен
бекітілген

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 19.07.2022 № 294-НҚ (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы талаптар

1. Осы биржалық сауда қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және биржалық тауарлармен биржалық мәмілелер жасау кезінде биржалық саудаға қатысушылар қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Осы қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) ашылу бағасы – белгілі бір биржалық сауда-саттықта белгілі бір биржалық тауар (тауарлар тобы) бойынша жасалған алғашқы биржалық мәміленің бағасы;

2) базалық баға – биржалық сауда-саттық барысында биржалық тауарға белгіленетін, сауда сессиясы ішінде баға өзгерісінің ең төмен және ең жоғары деңгейін есептеу үшін қабылданатын баға;

3) биржалық сауда - биржалық сауда-саттықты электрондық нысанда жүргізу, мәмілелерді тіркеу және ресімдеу арқылы тауар биржасында жүзеге асырылатын биржалық тауарлар мен мерзімді келісімшарттарды сату (сатып алу) жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

4) биржалық брокер (бұдан әрі брокер) өз қызметін тауар биржасында жүзеге асыратын және клиенттің тапсырмасы бойынша, оның есебінен және мүддесі үшін биржалық тауармен мәмілелер жасайтын заңды тұлға;

5) биржалық дилер (бұдан әрі – дилер) - тауар биржасында өз қызметін жүзеге асыратын және биржалық тауармен өз мүдделері үшін және өз есебінен мәмілелер жасайтын кәсіпкерлік субъектісі;

6) биржалық қамтамасыз ету биржалық саудаға қатысушылар жасалатын биржалық мәмілелер бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін тауар биржасының клирингтік орталығына қайтарымды негізде енгізетін ақшалай қамтамасыз ету;

7) биржалық сауда – саттықтар-биржалық мәмілелер жасасу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне берілген электрондық өтінімдер негізінде биржалық тауарлар бойынша мәмілелер жасауға бағытталған, биржалық сауда қағидалары шеңберінде жүргізілетін процесс;

8) биржалық саудаға қатысушылар – тауар биржасында биржалық сауданың белгіленген қағидалары бойынша өзара іс-қимыл жасайтын клиенттер, брокерлер, дилерлер және маркет-мейкерлер;

9) биржалық тауар – бірліктері барлық жағынан бірдей, ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас компоненттерден тұратын биржалық тауарлардың тізбесіне және (немесе) әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген стандартталған біртекті тауар, бұл оларға әртүрлі өндірушілерден партиялардың толық бірін-бірі алмастыру қасиетіне ие функцияларды орындауға мүмкіндік береді;

10) биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) өтінім – биржалық сауда-саттыққа қатысушының биржалық тауарды сату (сатып алу) туралы ұсынысы (офертасы) немесе осы қағидаларға сәйкес биржалық мәміле жасасу үшін қажетті барлық шарттарды қамтитын биржалық тауарды сатып алу (сату) туралы ұсынысты қабылдау туралы биржалық сауда-саттыққа қатысушының хабарламасы (акцепті);

11) биржалық алым – тауар биржасы биржалық саудаға қатысушылардан биржалық мәмілені тіркегені үшін алатын комиссия;

12) есеп айырысу ұйымы – банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, тауар биржасының клиринг орталығы биржалық сауда-саттықты жүргізу және (немесе) биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айыруды жүзеге асыру кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы шарт жасасқан ұйым;

13) жеткізу базисі – тауарды жеткізу, тиісті құжаттарды ресімдеу, көлік шығыстарын төлеу жөніндегі міндеттерді сатушы мен сатып алушы арасында бөлуді көздейтін, сондай-ақ тауарға меншік құқығының сатушыдан сатып алушыға ауысу сәтін және тауардың кездейсоқ бүліну немесе жоғалу тәуекелін айқындайтын биржалық сауда құралының шарттары;

14) жабылу бағасы – белгілі бір биржалық сауда-саттықта белгілі бір биржалық тауар (тауарлар тобы) бойынша жасалған соңғы биржалық мәміленің бағасы;

15) клиент – биржалық тауармен мәмілелер жасау үшін брокердің көрсететін қызметтерін пайдаланатын жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға немесе заңды тұлға;

16) кросс-мәміле – брокер екі түрлі клиенттің тапсырмасы бойынша әрекет ете отырып, сатушы тарапынан да, сатып алушы тарапынан да әрекет ететін биржалық мәміле;

17) қосарланған қарсы аукцион режимі – биржалық мәмілелер сатушылар мен сатып алушылардың бәсекелестігі нәтижесінде жасырын жасалатын, ал биржалық тауардың бағасы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі деңгейінде белгіленетін сауда режимі;

18) маркет-мейкер – баға белгілеулерді қою және мерзімді келісімшарттарды сатып алу және сату жөніндегі міндеттемелерді қабылдау арқылы биржалық нарықтың өтімділігін қалыптастыратын және қолдайтын заңды тұлға;

18-1) мінсіз іскерлік бедел – адамның қаржы ұйымын мәжбүрлеп таратуға алып келген төлем қабілетсіздігіне не банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызуға

алып келген құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) жасауы фактілерінің болмауын, алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығының болмауын, оның ішінде қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы заңды күшіне енген сот актісінің болмауын, сондай-ақ қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның мәліметтері негізінде әрекеттері қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға ықпал еткен үшінші тұлғалармен қарым-қатынасының (үшінші тұлғалардың бақылауы мен ықпалының) болмауын қоса алғанда, кәсіпқойлықты, адалдықты растайтын фактілердің болуы;

19) мұнай өнімдері – мұнай өнімдерінің жекелеген түрлері: бензин, авиациялық және дизель отыны, жол битумы;

20) мұнай өнімдерін беру жоспары – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Қазақстан Республикасында өндірілетін мұнай өнімдеріне ай сайынғы қажеттіліктерінің көлемі;

21) опциондық мәміле – объектісі опцион болып табылатын биржалық мәміле;

22) орташа өлшемді баға – нақты биржалық тауар үшін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде (сауда сессиясы, сауда күні, сауда айы) биржалық сауда-саттықтың қорытындылары бойынша қалыптасқан, тиісті кезеңнің нақты кезеңінің ақша айналымы арасындағы арақатынасты есептеу арқылы алынатын баға;

23) спот-тауар – тез арада жеткізілетін немесе болашақта жеткізілетін қоймадағы тауар;

24) сауда лоты - биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) арналған өтінімде көрсетілген биржалық тауардың саны еселенген болуға тиіс биржалық тауардың саны;

25) сауда күні – тауар биржасы биржалық сауда-саттықты өткізетін жұмыс күні;

26) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – сауда қызметі саласындағы мемлекеттік реттеуді және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

27) сауда режимі – тауар биржасының сауда жүйесінде өтінімдер жариялау және мәмілелер жасасу шарттарының жиынтығы;

28) сауда-саттық сессиясы – биржалық саудаға қатысушылар тауар биржасының сауда жүйесіне биржалық тауарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер қоятын және олар бойынша биржалық мәмілелер жасалатын сауда-саттық күнінің уақыт кезеңі;

29) тауар биржасының мүшелері – тауар биржасы аккредиттеген брокерлер, сондай-ақ дилерлер мен маркет-мейкерлер;

30) тауар биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, тауар биржасының электрондық сауда жүйесін пайдалана отырып,

сауда-саттықты тікелей өткізу арқылы оларды ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

31) үміткер – тауар биржасының мүшесі ретінде тауар биржасында аккредиттеу рәсімінен өтуді қалайтын брокер, дилер, маркет-мейкер;

32) фьючерстік мәміле – объектісі фьючерс болып табылатын биржалық мәміле;

33) форвард мәмілесі – объектісі форвард болып табылатын биржалық мәміле.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 27.11.2025 № 335-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2026 № 150-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Биржалық сауда Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес биржалық саудаға қатысушылардың теңдігі негізінде жүзеге асырылады.

4. Тауар биржаларының биржалық сауданың өз қағидаларын әзірлеуіне және бекітуіне жол берілмейді.

5. Тауар биржасы биржалық сауданың барлық қатысушыларына биржалық мәмілелер жасасу бойынша тең жағдайларды қамтамасыз етеді және биржалық мәмілелер заңдылығының кепілі болып табылады.

6. Биржалық сауда қағидаларында реттелмеген және қосымша регламенттеуді талап ететін биржалық тауарлармен сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге байланысты ұйымдастырушылық-техникалық мәселелер бойынша тауар биржасы тиісті ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді.

7. Тауар биржасы тауар биржасының интернет-ресурсы мен электрондық сауда жүйесін "Сатып алудың бірыңғай терезесі" порталының ақпараттық жүйесімен интеграциялауды қамтамасыз етеді.

8. Тауар биржасының кірістері тауар биржасы мүшелерінің кіру жарналары мен жыл сайынғы жарналары, биржа мүлкін пайдаланғаны, биржалық мәмілелерді тіркегені және ресімдегені үшін төлемдер есебінен және заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылады.

2-тарау. Тауар биржасының мүшелерін аккредиттеу, оларды аккредиттеуді тоқтата тұру және тоқтату шарттары мен тәртібі

9. Тауар биржасында аккредиттеу брокерлерге, дилерлерге, маркет-мейкерлерге биржалық сауда-саттыққа қатысуға және Заң мен осы қағидаларға сәйкес биржалық мәмілелерді жүзеге асыруға құқық береді.

10. Брокер және (немесе) дилер екі және одан да көп тауар биржаларының мүшесі бола алады.

10-1. Мінсіз іскерлік беделі жоқ адам брокер және дилер бола алмайды.

Ескерту. 2-тарау 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 27.11.2025 № 335-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Заңды тұлғаның мүлкіндегі ең төмен үлесті тікелей немесе жанама түрде иеленетін, сондай-ақ өзінде бар азаматтық-құқықтық қатынастар негізінде жеке-дара басқаруды жүзеге асыратын жеке тұлға екі және одан да көп брокерлердің және (немесе) дилерлердің және (немесе) маркет-мейкерлердің басшысы және (немесе) құрылтайшысы (тең құрылтайшысы) бола алмайды.

12. Тауар биржасының мүшелері тауар биржасында коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермейді.

13. Тауар биржасында аккредиттеуден өту үшін үміткерге мынадай талаптар қойылады:

- 1) азаматтық құқықтық қабілеттілікке ие болу;
- 2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;
- 3) банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға, оның мүлкіне тыйым салынбаған, оның қаржы-шаруашылық қызметі тоқтатылмаған;
- 4) басшы лауазымдарды атқаратын қызметкерлердің жоғары білімінің болуы;
- 5) Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар және сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы (бірінші басшы үшін) негіздер болып табылады.

14. Тауар биржасында аккредиттеу үшін үміткер тауар биржасына мынадай құжаттар мен мәліметтерді ұсынады:

- 1) тауар биржасының мүшелігіне қабылдау туралы өтініш;
- 2) қағида және (немесе) жарғы болған кезде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қағиданың және (немесе) Жарғының көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);
- 3) Құрылтай шарты (болған жағдайда);
- 4) үміткерді қосылған құн салығын төлеуші ретінде салықтық есепке қою туралы анықтама (бар болса);
- 5) бірінші басшы немесе оның орнындағы адам, сондай-ақ бас бухгалтер (болған жағдайда) қол қойған соңғы қаржы жылындағы қаржылық есептіліктің түпнұсқасы;
- 6) заңды тұлғалар үшін-заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;
- 7) үміткердің кіру жарнасын төлегенін растайтын құжат;

8) үміткердің бірінші басшысында Экономикалық қызмет және сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы анықтама;

9) үміткердің бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтер.

15. Тауар биржасында аккредиттеу туралы шешімді тауар биржасы осы қағидалардың 14-тармағында көрсетілген өтініш пен құжаттарды қабылдаған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

16. Қабылданған шешім туралы үміткерге аккредиттеу туралы немесе тауар биржасы аккредиттеуден негізді бас тарту туралы шешім шығарғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жазбаша хабарланады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 29.08.2024 № 317-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Шешім мынадай жағдайларда тапсырылды деп есептеледі:

1) қолма-қол - алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен - тапсырыс хатпен;

3) электрондық тәсілмен - тауар биржасына хатта көрсетілген электрондық мекенжайға жіберілген күннен бастап.

18. Тауар биржасында аккредиттеуден мынадай жағдайларда бас тартылады:

1) үміткердің осы қағидалардың 13-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) осы қағидалардың 14-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді ұсынбау, толық көлемде ұсынбау және (немесе) анық қамтылмаған ақпаратты ұсыну;

3) үміткерге қатысты қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

4) үміткерді, оның бенефициарлық меншік иелерін және (немесе) оның бірінші басшысын "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында көзделген тәртіппен терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне қосу;

5) үміткерге, оның бенефициарлық меншік иелері және (немесе) оның бірінші басшысына қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы, соның негізінде үміткер және (немесе) оның бірінші басшысы тауар биржасында аккредиттеуді алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған;

6) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың талаптарында көзделген құжаттарды беруден бас тарту;

7) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамада көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

Осы тармақта көрсетілмеген негіздер бойынша үміткерді аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдауға жол берілмейді.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 27.11.2025 № 335-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Тауар биржасында аккредиттеуді тоқтата тұру мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) тауар биржасының мүшесі шешім қабылдаған жағдайда, онда мынадай мәліметтер көрсетіле отырып, тиісті өтініш берген жағдайда:

аккредиттеуді тоқтата тұрудың себебі;

аккредиттеуді тоқтата тұру мерзімі;

жасалған биржалық мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерінің болмауы туралы;

2) биржа мүлкін пайдаланғаны, ақпараттық-техникалық және клирингтік қызмет көрсеткені, сондай-ақ биржалық алым үшін белгіленген төлемдерді (екі және одан көп) төлемеген кезде;

3) тауар биржасы осы қағидалардың 12, 13 және 18-тармақтарында белгіленген және Заңда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және тауар биржасының ішкі құжаттарында белгіленген талаптарды тауар биржасы мүшесінің сақтамауын анықтаған жағдайда.

Тауар биржасының мүшесі қағидалардың осы тармағында белгіленген талаптарды сақтамағаны анықталған жағдайда, тауар биржасы үш жұмыс күні ішінде оған мерзімдерді көрсете отырып, аккредиттеуді тоқтата тұру туралы жазбаша түрде хабарлама жібереді.

20. Тауар биржасында аккредиттеуді қайта бастау мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) тауар биржасында аккредиттеу өз қалауы бойынша тоқтатыла тұрған жағдайда - тауар биржасы мүшесінің өтініші бойынша жүзеге асырылады;

2) осы қағидалардың 19-тармағында көзделген бұзушылықтарды жою туралы растайтын құжаттарды ұсыну.

21. Тауар биржасында аккредиттеуді тоқтату мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) тауар биржасының мүшесі тиісті өтінішті ұсына отырып, онда мынадай мәліметтерді көрсете отырып, шешім қабылдаған жағдайда:

аккредиттеуді тоқтату себебі;

жасалған биржалық мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерді оның орындауы туралы;

2) өз қалауы бойынша өтінішті қоспағанда, тауар биржасында аккредиттеуді тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жоймау;

3) тауар биржасының мүшесі таратылған жағдайда;

4) тауар биржасының мүшесіне қатысты қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

5) тауар биржасының мүшесі тарапынан бағалармен айла-шарғы жасау фактісі расталған жағдайда;

6) тауар биржасында аккредиттелген күннен бастап қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде брокерлік, дилерлік және маркет-Мейкерлік қызметті жүзеге асырған жағдайларда жүзеге асырылады.

Тауар биржасы тауар биржасында аккредиттеуді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату туралы өтініштерді өтініш қабылданған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды. Тауар биржасының мүшесінде биржалық мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелер анықталған жағдайда, тауар биржасы өтінімді қарауды ол биржалық мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерді орындағанға дейін қабылдамайды.

22. Тауар биржасы белгілейтін тауар биржасында аккредиттеуді тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жою мерзімдері отыз жұмыс күнінен аспайды.

23. Тауар биржасы мынадай жағдайларда тауар биржасындағы аккредиттеудің күшін жою туралы шешім қабылдайды:

1) тауар биржасында аккредиттелген күннен бастап қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде дилердің, маркет-мейкердің қызметі жүзеге асырылмаған;

2) тауар биржасында брокер, дилер, маркет-мейкер қызметін жүзеге асыруды ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдау;

3) лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған, брокер лицензиясынан айырылған (қайтарып алынған).

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Индустриялық сертификаты бар дилерлерді аккредиттеу, олардың аккредиттелуін тоқтата тұру және тоқтату шарттары мен тәртібі

Ескерту. 3-тарау алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Маркет-мейкерлер қызметінің шарттары мен шектеулері

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Тауар биржасы мен маркет-мейкердің өзара іс-қимылы келісім, сондай-ақ тауар биржасының ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырылады.

34. Маркет-мейкердің қызметі базалық активі биржалық тауарлар болып табылатын мерзімді келісімшарттармен биржалық сауда-саттықта ғана жүзеге асырылады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Маркет-мейкер биржалық сауда-саттыққа қатысады және биржалық сауда-саттықтың бағаларын, сұранысын, ұсынысын немесе көлемін қолдауды жүзеге асырады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35-1. Маркет-мейкердің биржалық сауда-саттыққа дилер ретінде кемінде үш жыл үздіксіз қатысу тәжірибесі бар.

Ескерту. Қағидалар 35-1) тармақпен толықтырылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Маркет-мейкер ағымдағы уақытта осы маркет-мейкердің ағымдағы уақытта белсенді барлық котировкаларының арасында әлеуетті контрагент үшін ең тиімді бағаға ие мерзімді келісімшартты сатып алуға/сатуға арналған ең үздік котировкаларды қолдайды.

37. Тауар биржасы маркет-мейкердің міндетті котировкалары үшін спрэдтің ең жоғары/ең аз мәні бойынша маркет-мейкердің үздік міндетті екі жақты котировкаларының ең аз көлемінің мөлшері бойынша, сауда күні ішінде ашық позициялардың ең аз мөлшері бойынша, маркет-мейкердің котировкалары қолдауға тиіс сауда сессиясының уақыт кезеңі бойынша шешім қабылдайды.

38. Маркет-мейкерлер сауда сессиясы кезінде мерзімді келісімшарттар бойынша тайм-аутты пайдаланады.

Тайм-аутты, егер сауда құралдарының ерекшеліктерінде өзгеше белгіленбесе, маркет-мейкер сауда сессиясы ішінде бірнеше рет пайдаланады, бұл ретте маркет-мейкер тайм-аут ретінде пайдаланатын жиынтық уақыт минуттарда немесе сауда сессиясының барлық ұзақтығының пайыздарында көрсетілген ерекшеліктермен белгіленеді.

5-тарау. Клиенттерді биржалық сауда-саттыққа қатысушылар ретінде тіркеу шарттары мен тәртібі

39. Клиент тауар биржасында тіркелу үшін тауар биржасының аккредиттелген мүшесі болып табылатын брокерді таңдайды, ол оның мүдделерін білдіретін болады және соңғысымен брокерлік қызметтер көрсетуге шарт жасасады.

40. Клиент биржалық сауда-саттыққа қатысушы ретінде биржалық қамтамасыз етуді енгізген жағдайда биржалық сауда-саттыққа қатысу жөнінде міндеттеме қабылдайды.

41. Брокер өз клиентін бастапқы тіркеуді жүзеге асыру үшін тауар биржасына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Жарғының/қағиданың көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);;

3) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);;

4) мынадай ақпаратты: банк деректемелерін, заңды және пошталық мекенжайларын, байланыс телефондарын, байланысатын тұлғаны қамтуы тиіс.

"Қазақстан Республикасының Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген ресми құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті емес сатушы/Сатып алушы құқықтық қабілеттілігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы құжаттарды, сондай-ақ сауда тізілімінен қазақ және/немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен нотариалды куәландырылған көшірмені ұсынады.

42. Ол жасалған биржалық мәмілелер бойынша міндеттемелерін орындамаған, сондай-ақ биржалық мәміле жасасудан жалтарған жағдайда, брокер клиентпен биржалық сауда-саттыққа қатысу жөніндегі шартты бұзады.

Клиентпен биржалық сауда-саттыққа қатысушы ретінде шартты бұзған кезде брокер тауар биржасына осы клиент бойынша ақпаратты ұсынады.

43. Брокерлік қызмет көрсетуге шарт жасасқан Клиентке келтірілген залалдар немесе брокердің заңсыз әрекеттері салдарынан үшінші тұлғаларға келтірілген мүліктік зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуге жатады.

6-тарау. Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген тауарлар бойынша биржалық сауда-саттық жүргізу шарттары (биржалық саудаға қатысушыларға қойылатын талаптар, бір сауда сессиясындағы сауда лотының ең жоғары және ең төменгі мөлшері, баға өтінімдерінің диапазоны, өткізілетін тауардың көлемі, биржалық тауарға ақы төлеу және оны жеткізу (тиеп жөнелту) фактілерін растайтын құжаттардың болуы)

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Тауар биржасында әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарлар бойынша биржалық сауда-саттық жүргізу шарттары осы Қағидаларда тауарларды секцияларға бөлу және әрбір секцияға жеке талаптар қою жолымен айқындалады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Секциялар бойынша талаптар:

- 1) бір сауда сессиясында сауда лотының ең жоғары және ең төменгі мөлшері;
- 2) тиісті тауардың биржалық саудасына қатысушыларға қойылатын талаптар;
- 3) тиісті биржалық тауармен биржалық сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар;
- 4) баға өтінімдерінің диапазоны;
- 5) өткізілетін тауардың көлемі, биржалық тауарға ақы төлеу және жеткізу (тиеп жөнелту) фактілерін растайтын құжаттардың болуы.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Әрбір секция бойынша қойылатын талаптар үшін осы саладағы уәкілетті мемлекеттік орган жауапты болады. Тауар биржасы өзі сауда-саттықты жүзеге асыратын секцияларға қойылатын талаптарға сәйкестігі үшін жауапты болады.

Тауар биржалары арқылы міндетті түрде өткізуге жататын биржалық тауарлармен сауда-саттық мониторингін мемлекеттік басқарудың тиісті салаларында (бағыттарында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүргізеді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тарау. Биржалық сауда-саттықты жүргізу тәртібі

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Тауар биржасында мыналар жасалады:

- 1) Халықаралық іскерлік операциялармен өзара байланысты мәмілелерді қоса алғанда, спот - тауарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара бере отырып жасалатын мәмілелер;
- 2) фьючерстік мәмілелер;
- 3) опциондық мәмілелер;
- 4) қойма құжаттарына қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара берумен мәмілелер.

5) форвардтық мәмілелер.

48. Биржалық сауда-саттық қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізіледі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Тауар биржасы биржалық сауда-саттықты өзі белгілеген сауда күндерінде өткізеді. Сауда күнінің, сауда сессиясының және клирингтің басталу және аяқталу уақытын тауар биржасы сауда күнінің орташа ұзақтығы кемінде бес сағатты ескере отырып белгілейді.

Түнгі уақытта (сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін), демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сауда сессияларын өткізуге жол берілмейді.

Жұмыс, демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, тауар биржасының жұмыс режимі туралы ақпарат тауар биржасының интернет-ресурсында орналастырылады.

Жұмыс режимі өзгерген жағдайда ақпарат жаңа режим енгізілген күнге дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылады.

Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Қосарланған қарсы аукцион режимінде биржалық сауда-саттыққа жіберілген әрбір биржалық тауарға тауар биржасы осы тауарды, оның сапалық сипаттамаларын, сондай-ақ жеткізудің базалық шарттарын сәйкестендіретін сауда құралының жеке кодын береді.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Биржалық сауда-саттық мөлшері осы Қағидалардың 13-тарауында айқындалатын биржалық қамтамасыз етуді алдын ала енгізе отырып жүргізіледі.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Биржалық сауда-саттыққа рұқсат алған тауарды сатуға (сатып алуға) ниетті биржалық сауда-саттыққа қатысушы биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) арналған өтінімді биржаның сауда сессиясы кезінде ұсынады.

56. Биржалық сауда-саттыққа қатысушы беретін биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) арналған өтінім биржалық сауда-саттыққа қатысушының биржалық мәміле жасасуға сөзсіз келісімі болып табылады.

Биржалық сауда-саттықты өткізу кезінде өтінімде мыналар көрсетіледі:

сауда құралының (тауардың)коды;

өтінімнің бағыты: өнімді сатып алу немесе сату;

өткізілетін (сатып алынатын) тауардың саны;

тауардың бағасы (сатып алуға арналған өтінімде және сатуға арналған өтінімде көрсетіледі).

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Тауар биржасы биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) өтінімді мынадай негіздер бойынша қабылдаудан бас тартады:

1) өтінімді дұрыс ресімдемеу;

2) өтінім берудің белгіленген мерзімдерін бұзу;

3) биржалық қамтамасыз етудің болмауы;

4) биржалық сауда-саттыққа қатысушының бұрын жасалған биржалық мәмілелер бойынша биржалық алымды төлемеуі, сондай-ақ онда тауар биржасының тауар биржасы және (немесе) клирингтік орталығы алдында берешектерінің болуы;

5) тауар биржасында өтінім берген брокердің немесе дилердің аккредиттелуін тоқтата тұру және тоқтату;

5-1) сатушы осы Қағидалардың 14-тарауының 1-параграфында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда;

б) биржалық саудаға қатысушының бұрын жасалған биржалық мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындамау фактісін анықтау жатады.

Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) өтінімді қабылдаудан бас тартылған жағдайда, тауар биржасы сауда күні ішінде электрондық сауда жүйесі арқылы биржалық сауда-саттыққа қатысушыны бас тарту себебі туралы хабардар етеді.

59. Биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) қабылданған өтінімдер тауар биржасында тіркелуге және тауар биржасының сауда жүйесіне енгізілуге тиіс.

60. Биржалық сауда-саттықта жасалған мәміледен бас тартуға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

Биржалық мәміледен бас тартқан жағдайда, биржалық саудаға қатысушылар тауар биржасынан олар бұрын төлеген биржалық алымды қайтаруды талап етпейді.

Мәмілелерді жарамсыз деп тану және олардың күшін жою осы қағидада көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

61. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Қосарланған қарсы аукцион режиміндегі биржалық сауда-саттық мыналарды ескере отырып өткізіледі:

1) биржалық саудаға қатысушылар туралы ақпараттың құпиялылығы;

2) кросс-мәмілелер жасасуға тыйым салу;

3) биржалық мәміле жасалатын биржалық тауарға бағаны сатып алушылардың, сатушылардың ұсыныстарына бәсекелесу процесінде қалыптастыру және оны сатып алушы үшін ең жақсы баға ретінде (сатушылардан ең төмен баға) немесе сатушы үшін ең жақсы баға ретінде (сатып алушылардан ең жоғары баға) айқындау;

4) енгізілген биржалық қамтамасыз ету.

Ескерту. 66-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Тауар биржаларына биржалық тауарлар мен әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілмеген тауарлармен биржалық сауда-саттықты ұйымдастыруға жол берілмейді.

Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлармен биржалық сауда-саттықты Заңның 6-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне сәйкес конкурс негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тауар биржалары жүзеге асырады.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Қосарланған қарсы аукцион режимінде биржалық сауда-саттыққа қатысатын брокер онда бір және одан да көп клиенттерді ұсынады.

Бұл ретте брокер бір мезгілде сатушы мен сатып алушының мүдделерін ұсынбайды.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Қосарланған қарсы аукцион режимінде саудаланатын тауарлар бойынша тауар биржасы өзінің ішкі құжаттарымен тауардың ерекшелігін бекітеді, ол мыналарды көздейді:

1) сауда атауы, сауда құралының (тауардың) коды және оның сапалық сипаттамалары;

2) тауарды беру және оған ақы төлеу шарттары;

3) лоттың мөлшері, сондай-ақ қажет болған жағдайда тауардың ең аз жеткізу партиясы және (немесе) тауарды орау тәсілі;

4) тауар жеткізілімін растайтын құжаттардың тізбесі;

5) тауарды жеткізу кезінде жол берілетін толеранс;

6) тауар жеткізілімі шартының негіздемелік нысанының болуы.

70. Қосарланған қарсы аукцион режиміндегі биржалық сауда-саттықтар тауар биржасының сауда жүйесімен сатып алуға және сатуға арналған өтінімдерді үздіксіз автоматты салыстыру тәртібімен сауда сессиясы ішінде өткізіледі, ол бойынша берілетін әрбір өтінім өтінімдердің тізілімін (кезегін) құрайтын тауардың саны мен бағасы бойынша қарсы өтінімдермен сәйкестікке тексеріледі.

Берілетін өтінімнің параметрлері қарсы өтінімдердің параметрлерімен сәйкес келген кезде биржалық мәміле жасалады.

Электрондық сауда жүйесінде жүргізілген және осы тармақта көзделген шарттарға сәйкес келмейтін сауда-саттықтар жарамсыз деп танылады және тауар биржасы оларды жоюға тиіс.

71. Өтінімдердің тізілімін (кезегін) тауар биржасының сауда жүйесі мынадай автоматты режимде қалыптастырады:

1) берілген уақытына қарамастан, ең жақсы бағалармен (сатып алушыдан ең жоғары бағалармен (сатып алушы бойынша) – сатып алуға өтінімдер кезегінде және сатушыдан ең төмен бағалармен (өсу бойынша) – сатуға өтінімдер кезегінде) бірінші кезекте өтінімдер орналастырылады; бұл ретте, өтінімде көрсетілген өткізілетін (сатып алынатын) тауардың саны (өтінім көлемі) оның басымдығына (бірінші кезегіне) әсер етпейді;

2) қарсы өтінімдер олардың кезектегі орны мен бағасына сәйкес қанағаттандырылады – алдымен кезекте бірінші болып айқындалған өтінімдер қанағаттандырылады;

3) өтінімдер бағасы тең болған кезде бұрын берілген өтінім кейінірек берілген өтінімге қарағанда бірінші кезектегі тәртіппен қанағаттандырылады;

4) мәміле әрқашан бірінші кезектегі өтінімдер кезегіндегі өтінімнің бағасы бойынша жасалады;

5) егер мәміле жасасу кезінде өтінім ішінара қанағаттандырылса, онда оның қалған (орындалмаған) бөлігі Үлгілік қағидалардың осы тармағында айқындалған жалпы тәртіппен қанағаттандырылуға жататын жеке өтінім ретінде қаралады;

6) биржалық мәміле жасасу қанағаттандырылатын өтінімдер берген қатысушылардың қосымша келісімін талап етпейді.

72. Қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізілетін сауда сессиясы барысында биржалық сауда-саттыққа қатысушылар биржалық қамтамасыз етудің жеткілікті мөлшері болған кезде тауарды сатып алуға (сатуға) өтінімдердің шектеусіз санын береді. Бұл ретте биржалық сауда-саттыққа қатысушы берген кез келген өтінімді мәміле жасалған кезге дейін шешіп алуға жол беріледі.

73. Қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізілетін сауда сессиясы аяқталғаннан кейін тауарды сатып алуға (сатуға) барлық қанағаттандырылмаған өтінімдер тауар биржасының сауда жүйесімен жойылады не егер соңғысы өтінімде көзделген болса, келесі сауда күніне ауыстырылады.

74. Тауар биржасының сауда жүйесіндегі Қосарланған қарсы аукционның негізгі базалық сипаттамалары.

1) сауда-саттыққа қатысушылардың сатып алуға да, сатуға да қойған барлық өтінімдері туралы онлайн режимінде ақпараттың болуы. Бұл ретте сауда жүйесі барлық құралдар бойынша сауда-саттық барысы туралы ақпараттың болуына мүмкіндік береді;

2) сауда-саттық барысы көрсетілетін сауда жүйесінен шықпай, сауда-саттыққа қатысушы жіберілген құралдардың кез келгені бойынша сатып алуға немесе сатуға өтінімдер қою (редакциялау) мүмкіндігі. Нақты уақыт режимінде ұсынылған (редакцияланған) өтінім нақты сауда құралы бойынша сауда жүйесінде көрсетіледі;

3) сауда-саттық барысында қатысушылар өздерінің есеп айырысу-клиринг жүйесіндегі шоттарында биржалық қамтамасыз етудің жеткілікті саны болған жағдайда өтінімдердің шектеусіз санын береді;

4) сауда жүйесі қатысушыны биржалық қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылайды. Тауар биржасы белгілеген биржалық қамтамасыз ету мөлшеріне сәйкес әрбір қойылған өтінім мен жасалған мәмілеге арналған сауда-саттық барысында ақша қаражаты бұғатталады. Қатысушы өтінімді тек бос ақша қаражаты (өтінім немесе мәміле бойынша бұғатталмаған ақша қаражаты) мөлшерінде ғана ұсынады.;

5) бұғатталған биржалық қамтамасыз етудің мөлшері Қазақстан Республикасының Тауар биржалары туралы заңнамасында көзделген тәртіппен айқындалады;

6) сауда жүйесінде биржалық қамтамасыз ету құралдарын бақылау мүмкіндігі бар (бос және бұғатталған қаражат туралы ақпарат);

7) мәміле жасау мынадай алгоритм бойынша жүзеге асырылады:

әрбір берілетін өтінім жүйеге берілген қарсы өтінімдердің сәйкестігіне тексеріледі;

берілетін өтінімнің параметрлері бастапқы өтінімдердің параметрлерімен қиылысқан кезде мәмілелер жасалады;

бағалар тең болған кезде бұрын берілген өтінім кейінірек берілген өтінімге қарағанда ертерек қанағаттандырылады;

мәміле әрқашан қарсы өтінімдердің кезегіндегі ең жақсы өтінімнің бағасымен жасалады.

8) өтінімдердің ішінара орындау мүмкіндігі бар (мәміле тауардың жарияланған бөлігіне жасалады), бұл ретте оның орындалмаған бөлігін сауда-саттыққа қатысушы оны акцептегенге дейін кез келген уақытта алып тастайды;

9) сауда жүйесінде әрбір мәміленің негізгі параметрлері: бірегей нөмірі, жасалған күні мен уақыты, тауардың атауы не коды, бағасы, көлемі, контрагенттер және өзге де Параметрлер көрсетіле отырып, сауда-саттық барысында жасалған барлық мәмілелер туралы ақпарат болады;

10) баға қадамына және кросс-мәмілелер жасасуға жол берілмейді;

11) мәмілелер үздіксіз жасалады және сауда-саттыққа қатысушылар тарапынан қосымша іс-қимылдарды талап етпейді.

8-тарау. Биржалық сауда-саттықта тауарлармен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру тәртібі

75. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75-1. Биржалық сауда-саттықта жасалған биржалық мәмілелер бойынша есеп айырысулар тауар биржасының клирингтік орталығы арқылы және сатып алушылар мен сатушылардың ақшалай міндеттемелері бойынша есеп айырысу ұйымы арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тарау 75-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.03.2026 № 150-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Алып тасталды – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Алып тасталды – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Биржалық мәмілелерге клирингтік қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 729 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12605 болып тіркелген) биржалық мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

80. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8 - бабының 26) тармақшасына сәйкес сауда-саттықты өткізу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша Қазақстан

Республикасының ұлттық валютасы-теңге биржалық сауда-саттықта жасалған биржалық тауарлармен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін валюта болып табылады.

9-тарау. Биржалық сауда-саттыққа қатысу процесінде автоматтандырылған алгоритмдерді қолдану шарттары мен тәртібі

81. Тауар биржасының мүшелеріне өтінімдер беру және мәмілелер жасасу үшін тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне жүгіну жылдамдығы секундына екі және одан да көп өтінішті құрайтын автоматтандырылған жеделдетіп өңдеу және деректерді беру технологияларын және сыртқы бағдарламалық-техникалық жүйелерді пайдалануға жол берілмейді.

Осындай технологияларды пайдалана отырып жасалған мәмілелер елеусіз деп танылады және тауар биржасының күшін жоюға жатады.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Өтінімдерді жинаудың, оларды тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне енгізуге және жіберуге дайындаудың, сондай-ақ тауар биржасы мүшелері тарапынан оны пайдалана отырып жасалатын барлық іс-әрекеттерді бақылауды қамтамасыз ететін режимде жұмыс істейтін сауда жүйесінен ақпарат алудың және өндеудің автоматтандырылған бағдарламалық-техникалық құралдары міндетті түрде тауар биржасының шешімімен сертификатталады.

Сауда-саттыққа қатысушылар тауар биржасы сертификаттамаған осындай бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалана отырып жасасқан мәмілелер жарамсыз деп танылады және тауар биржасы оларды жоюға тиіс.

Тауар биржасы жойған мәмілелер бойынша биржалық тауарлар келесі және (немесе) қосымша сауда сессиясы шеңберінде сауда-саттыққа қайта қойылады.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82-1. Биржалық мәмілелер жойылған жағдайда тауар биржасы күшін жою туралы шешім қабылданған сол жұмыс күні тауар биржасының интернет-ресурсында сауда-саттыққа қатысушылардың көлемін, атауын көрсете отырып, күші жойылған мәмілелер туралы ақпаратты орналастырады.

Жойылған көлемдерді биржалық сауда-саттыққа қайта қоюға тауар биржасының интернет-ресурсында қайталама сауда-саттық туралы ақпарат биржалық сауда-саттық өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылған жағдайда жол беріледі.

Ескерту. 9-тарау 82-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-тарау. Өзін-өзі реттейтін ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібі

84. Тауар биржалары мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында келісім немесе меморандум жасасуға жол береді.

85. Тауар биржаларының өзін-өзі реттейтін ұйымдармен өзара іс-қимылы мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- 1) ақпарат алмасу;
- 2) өзара көмек көрсету және өз мүдделерін қорғау;
- 3) тауар биржалары, брокерлер мен дилерлер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарын өткізу;
- 4) консультациялық көмекті жүзеге асыру;
- 5) өз қызметін жүзеге асыру кезінде туындайтын мәселелер бойынша бірлескен шешімдер қабылдау.

86 Тауар биржалары мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл электрондық түрде жүзеге асырылады.

87. Құжаттарды және (немесе) мәліметтерді қағаз жеткізгіште ұсыну (жіберу) арқылы құжаттар және (немесе) мәліметтер алмасу электрондық түрде құжаттар және (немесе) мәліметтер алмасудың техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

11-тарау. Мерзімді келісімшарттардың биржалық сауда-саттығын жүргізу тәртібі

88. Мерзімді келісімшарттармен биржалық сауда-саттықты ұйымдастыруды және өткізуді регламенттейтін тауар биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Биржалық сауда-саттықтың мәні ретінде пайдаланылатын мерзімді келісімшарттардың стандартты талаптары олардың тауар биржасы бекітетін ерекшеліктерімен айқындалады.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12 тарау. Тоқтата тұру шарттары мен тәртібі және тауар биржасындағы биржалық сауда-саттықты қайта бастау туралы

90. Биржалық сауданы ұйымдастыруға байланысты қызметтер көрсетуді жалғастыруға мүмкіндік бермейтін тауар биржасының электрондық сауда жүйесінде

техникалық іркілістер туындаған жағдайларда, тауар биржасы техникалық іркіліс фактісі мен уақытын техникалық іркілістер журналында құжаттап тіркейді, қызметтер көрсетуді тоқтата тұрады және тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне бағытталған шараларды дереу қабылдайды.:

1) Техникалық іркіліске әкеп соққан себептерді анықтау және жою;

2) ақаулықтың техникалық салдарын жою;

3) тауар биржасының сауда жүйесіндегі ақпараттың толық сақталуын қамтамасыз ету және техникалық іркіліс нәтижесінде жоғалған ақпаратты қалпына келтіру болып табылады.

91. Тауар биржасының электрондық сауда жүйесінде іркіліс анықталған кезде тауар биржасы сауда-саттықты уақытша тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды, бұл туралы биржалық сауда-саттыққа қатысушылар тауар биржасының электрондық сауда жүйесін пайдалана отырып немесе басқа да қолжетімді тәсілмен хабардар етіледі.

92. Тауар биржасының сауда жүйесінің жұмыс қабілеттілігі қалпына келтірілгеннен кейін сауда-саттық қайта басталады.

93. Егер тауар биржасының сауда жүйесінің жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін болмаса, тауар биржасы сауда-саттықты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

94. Шешім тауар биржасының электрондық сауда жүйесін пайдалана отырып немесе басқа да қолжетімді тәсілмен биржалық сауда-саттыққа барлық қатысушылардың назарына жеткізіледі.

13-тарау. Биржалық қамтамасыз ету мөлшерін айқындау тәртібі

95. Биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін биржалық қамтамасыз етудің мөлшерін тауар биржасы осы Қағидаларға сәйкес биржалық қамтамасыз етудің мөлшері көзделген секцияларды қоспағанда, секцияның түріне қарай сауда-саттыққа қатысушы жоспарлаған биржалық мәміле сомасына проценттік қатынаста белгілейді және 3 проценттен аспайды.

Биржалық саудаға қатысушы 30 күнтізбелік күн ішінде биржалық мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, ол енгізген биржалық қамтамасыз етуді тауар биржасының клирингтік орталығы зардап шеккен тараптың пайдасына 5 жұмыс күні ішінде аударуға тиіс.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14 тарау. Биржалық және биржадан тыс мәмілелерді есепке алу және тіркеу тәртібі

Ескерту. 14-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Параграф 1. Биржадан тыс мәмілелерді тіркеу

Ескерту. 14-тараудың 1-параграфының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

97. Биржадан тыс мәмілені тіркеуді тауарға меншік құқығының одан басқа тұлғаға ауысуын көздейтін мәміле жасасқан биржалық тауарды сатушы жүзеге асырады.

Биржадан тыс мәмілені тіркеу:

- 1) дербес-оны дилер ретінде аккредиттеу болған және өтініш берушіде брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету шарты болмаған кезде;
- 2) брокер арқылы – өтініш берушіде брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету шарты болған кезде жүзеге асырылады.

Тауар биржасында биржадан тыс мәмілені тіркеу сатушы үшін қандай да бір шығындарға әкеп соқпайды және оны тауар биржасы тегін жүргізеді.

Сатушы биржалық тауарлармен сауданың жекелеген секцияларының ережелерін ескере отырып, биржадан тыс мәмілелерді тауар биржасында тіркеуді қамтамасыз етеді

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98. Ұзақ мерзімді келісімшарттық келісімдер шеңберіндегі біржолғы шарттар және (немесе) жекелеген келісімдер биржадан тыс мәмілелерді тіркеу объектісі болып табылады.

99. Тауар биржасында биржадан тыс мәмілені тіркеу биржадан тыс мәміле жасалған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Биржадан тыс мәмілені тіркеу биржалық мәміле емес.

Егер биржадан тыс мәміле жасасқан сатушы осы мәмілені тауар биржасының электрондық сауда жүйесінде тіркемеген болса, тауар биржасы осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) өтінімді қабылдаудан бас тартады. Көрсетілген жағдайда тауар биржасы биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) өтінімді қабылдаудан бас тартылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Сатушы биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарламада

көрсетілген бұзушылықтарды жояды және тауар биржасына осы тараудың талаптарына сәйкес биржадан тыс мәмілені тіркеу үшін қажетті мәліметтерді береді.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100. Биржадан тыс мәмілелер кезекті күнтізбелік айлар бөлінісінде тауар биржасының сауда жүйесінде тіркеледі.

Биржадан тыс мәмілені нақты күнтізбелік айға жатқызу тәртібі шартты орындаудың соңғы күнін айқындау жолымен не тауар жеткізудің жоспарланған кезеңін негізге ала отырып жүзеге асырылады.

Егер биржадан тыс мәміле екі немесе одан да көп ай ішінде жеткізуді көздесе, онда күнтізбелік ай мәміленің жалпы мөлшерінен ең үлкен жеткізу көлемімен анықталады.

Бұл ретте тауар биржасының сауда жүйесінде биржадан тыс мәмілелерді тіркеу деректерді автоматтандырылған беру жолымен жүзеге асырылады.

101. Биржадан тыс мәміле бойынша оны тауар биржасында тіркеу үшін мәліметтер мыналарды қамтиды:

- 1) сатушы мен сатып алушының толық атауы;
- 2) сатушы мен сатып алушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 3) сатушы мен сатып алушының байланыстары;
- 4) сатушы мен сатып алушының заңды және пошталық мекенжайы;
- 5) биржадан тыс мәміленің нөмірі мен жасалған күні;
- 6) тауардың атауы;
- 7) тауардың саны (тонна);
- 8) тауар бірлігінің бағасы (тонна);
- 9) биржадан тыс мәміленің жалпы сомасы;
- 10) Төлем шарттары;
- 11) жеткізу базисі (Инкотермс);
- 12) тауардың сапалық / техникалық сипаттамалары.

Есептіліктің хронологиясын, оның тарихи құндылығын және өзектілігін сақтау мақсатында тауар биржасында тіркелген биржадан тыс мәмілені түзетуге және алып тастауға жол берілмейді.

Тауар биржасы алынған ақпаратты биржадан тыс мәміленің екі тарапынан алдын ала келісім алу шартымен қоспағанда, үшінші тұлғаларға бермейді.

102. Тізілімді тауар биржасы электрондық нысанда жүргізеді.

Биржадан тыс мәмілелер тізілімі мыналарды қамтиды:

тауар биржасының сауда жүйесі берген биржадан тыс мәміленің сәйкестендіру нөмірі;

биржадан тыс мәмілені тауар биржасының сауда жүйесінде тіркеу күні мен уақыты;

өтініш берушінің (сатушының) биржадан тыс мәміле коды;
мәміле мәні болып табылатын тауардың коды және атауы;
биржадан тыс мәміленің жалпы сомасы;
биржадан тыс мәміленің жалпы физикалық көлемі (тонна)
тауардың бір бірлігінің бағасы (теңгемен);
биржадан тыс мәміленің нөмірі және жасалған күні;
жеткізу шарттары;
жеткізу базисі (Инкотермс);
Төлем шарттары.

103. Әрбір биржалық тауар үшін тауар биржасы биржадан тыс индикаторды есептейді.

Биржадан тыс индикатор биржалық тауардың тиісті өндірушісінің жеткізу базасында және нақты күнтізбелік айда биржалық тауардың тиісті түрінің ағымдағы жасалатын биржадан тыс мәмілелерінің орташа арифметикалық мәні деңгейінде есептеледі.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104. Биржадан тыс индикаторлар биржадан тыс тіркеу жүргізілетін тауар биржасындағы тиісті нарықтың биржалық индикаторларының құрылымына сәйкес келеді.

105. Биржадан тыс индикаторларды қолдану тікелей келісімшарттар бағасының өзгеру серпінін бағалау үшін өзара әр түрлі уақыт кезеңдерінде қалыптастырылған биржадан тыс индикаторлардың мәндерін салыстыру не ұқсас уақыт кезеңіндегі тиісті сауда құралының биржалық индикаторларымен биржадан тыс индикаторлардың мәндерін салыстыру жолымен жүргізіледі.

Биржалық тауармен жасалған биржадан тыс мәмілелерге талдау және мониторинг жүргізу кезінде биржадан тыс индикаторларды қолдануды тауар биржасы дербес жүргізеді.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Биржалық сауда-саттық барысында жасалған мәміле бойынша тауар биржасының сауда жүйесі бірегей нөмір бере отырып, биржалық мәміле бойынша есепті (бұдан әрі – биржалық мәміле бойынша есеп) автоматты түрде жасайды және мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) биржалық сауда-саттыққа қатысушының атауы және оның бірегей биржалық сәйкестендіргіші (биржалық сауда-саттыққа қатысушыға берілген жеке код);

2) Форматта мәміле жасалған күн мен уақыт – жыл, ай, күн, сағат, минут, секунд (кемінде 0,1 секундқа дейінгі дәлдікпен);

3) стандартталған тауардың атауы және (немесе) коды;

4) тауар бірлігі үшін баға;

5) тауар саны;

б) мәміленің жалпы сомасы.

107. Биржалық мәміле бойынша Есеп сауда сессиясы мен клиринг аяқталғаннан кейін бірден тауар биржасының уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен міндетті түрде қол қоя отырып, тауар биржасының электрондық құжат айналымы жүйесінде мәміле жасасқан брокерге немесе дилерге ұсынылады.

Брокер биржалық мәміле бойынша есепті алғаннан кейін оны өз клиентіне ұсынады

Биржалық мәміле негізінде жасалған шартта биржалық мәміле бойынша есепке ұқсас мәміле талаптары қамтылады.

108. Сауда-саттыққа қатысушының талабы бойынша тауар биржасы биржалық мәміле жөніндегі электрондық есепке қосымша сауда-саттыққа қатысушыға Биржаның уәкілетті қызметкері қол қойған биржалық мәміле жөніндегі қағаз есепті ұсынады.

109. Сауда күнінің қорытындылары бойынша биржалық сауда-саттыққа қатысушыға әрбір биржалық мәміле бойынша жеке есептерді ұсынбай, сауда сессиясы ішінде өзі жасаған барлық биржалық мәмілелер бойынша жиынтық есепті ұсынуға жол беріледі.

110. Биржалық сауда-саттықтардың қорытындылары бойынша сауда жүйесінде тауар биржасы сауда күнінде жасалған биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың биржалық мәмілелерінің жиынтық тізілімін қалыптастырады.

111. Брокерлер жасалатын биржалық мәмілелердің есебін әрбір клиент бойынша жеке жүргізеді және осы мәмілелер туралы мәліметтерді мәміле жасалған күннен бастап бес жыл бойы сақтайды.

112. Алып тасталды – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Тауар биржасы биржалық сауда саласындағы қызметпен айналысуды тоқтатқан кезге дейін жасалған барлық биржалық мәмілелер бойынша мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етеді.

15-тарау. Биржалық алым мөлшерін қалыптастыру және өтінімдерді қамтамасыз ету тәртібі

114. Тауар биржасы биржалық сауда-саттықты ұйымдастырғаны және өткізгені үшін жасалған биржалық мәміле сомасының пайызымен есептелетін биржалық алым алады. Биржалық алым мөлшерін тауар биржасы айқындайды.

Биржалық алымды мәмілеге қатысушылардың екеуі де оны жасау фактісі бойынша ғана төлейді.

115. Егер тарифтер биржалық алымның жеңілдікті мөлшерін, сондай-ақ сауданың сауда секцияларында сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметтер үшін осы қағидалармен реттелмеген және қосымша регламенттеуді талап ететін ай сайынғы төлемдерді көздеген жағдайда, тауар биржасы тиісті ішкі құжаттарды бекітеді.

116. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116 -НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116 -НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

118. Бұрын жасалған биржалық мәмілелер бойынша биржалық алымды төлемеу биржалық тауарды келесі сауда сессиясына сатып алуға және/немесе сатуға арналған өтінімді қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

16-тарау. Биржалық саудаға қатысушыларды санаттау арқылы олардың қаржылық орнықтылығын айқындау шарттары

119. Тауар биржасының дилерлері үшін оларды қаржылық тұрақты деп тану жөніндегі талаптар сауда-саттыққа қатысушыларды және оларға қойылатын талаптарды жіктеу жолымен сауданың тиісті сауда секцияларында тауар биржасы айқындайтын мөлшерде белгіленеді.

Тауар биржасының мүшесі, егер ол тауар биржасында айқындалатын мөлшерде жарғылық және (немесе) меншікті капиталдың болуы жөніндегі талаптарға сәйкес келсе, брокер ретінде қаржылық орнықты деп танылады.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116 -НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

121. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116 -НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116 -НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-тарау. Биржалық төреліктің қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібі, сондай-ақ биржалық тауарлармен биржалық мәмілелер жасасуға байланысты дауларды шешу тетіктері

123. Биржалық мәмілелер жасасуға байланысты дауларды шешу үшін Биржа әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелік құрады. Биржалық төреліктің қызметі "Төрелік туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

124. Биржалық мәмілелер жасасуға байланысты дауларды шешу үшін биржалық төрелікті биржа тұрақты жұмыс істейтін төрелік ретінде құрады. Тұрақты жұмыс

істейтін биржалық төрелікті құру үшін Биржа регламентті, төрелікте қызметті жүзеге асыратын төрешілердің тізімін бекітеді.

125. Тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелік дауларды Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қарайды.

126. Тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелік шарттың талаптарына сәйкес және іскерлік айналымның дәстүрлерін ескере отырып шешім қабылдайды.

127. Даулы қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда, тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелік ұқсас құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал мұндай нормалар болмаған кезде дауды заңдардың жалпы бастаулары мен мағынасын негізге ала отырып шешеді.

128. Биржалық мәміле тараптары арасында жасалған төрелік келісім, яғни туындаған немесе туындауы мүмкін дауды тұрақты жұмыс істейтін биржалық төреліктің қарауына беру туралы Тараптардың жазбаша келісімі болған кезде дауды тұрақты жұмыс істейтін биржалық төреліктің қарауына беруге жол беріледі.

18-тарау. Тауар биржасы мүшелерінің биржалық мәміленің заңдылығын қамтамасыз ету тәртібі

129. Биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) өтінім беретін және (немесе) биржалық сауда-саттыққа қатысатын тауар биржасының мүшелері тауар биржасы белгілеген тәртіппен оқудан өтеді.

Клиенттермен және (немесе) олардың өкілдерімен және (немесе) клиенттермен үлестес үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде, брокер:

1) биржалық мәміле жасау кезінде клиенттердің нарықтық мінез-құлқын өзгерту мақсатында оларға тікелей немесе жанама қысым жасамайды;

2) биржалық сауда-саттықта олардың орындалуын көздемейтін баға өтінімдерін қасақана жоғарылату (кеміту) мақсатында шарттар жасаспайды (өтінімдер беруге, кері қайтарып алуға);

3) екі және одан да көп клиенттер арасында өткізілетін биржалық тауарлардың баға белгіленуіне әсер ететін бағаларды белгілеу не ұстап тұру мәселелері бойынша келісімдер (келіссөздерге кіру) жасаспайды;

4) басқа клиентке мүліктік және өзге де зиян келтіруге әкеп соғатын қандай да бір сайланбалы клиентке артықшылық беруге жол бермейді;

5) биржалық сауда-саттықтардың бәсекелестігін төмендетуге бағытталған биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін басқа брокерлермен және (немесе) дилерлермен үлестес болуды пайдаланбайды.

Тауар биржасының аккредиттелген мүшелері биржалық мәміленің заңдылығын қамтамасыз ету шеңберінде мынадай шаралар қабылдайды:

осы қағидада, заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде, тауар биржасының ішкі құжаттарында белгіленген талаптарды сақтайды;

тауар биржасына аккредиттеу үшін ұсынылған құжаттар мен мәліметтерге енгізілген барлық өзгерістер туралы ақпаратты осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде электрондық құжат нысанында тиісті хабарлама және (немесе) растайтын құжаттар болған кезде жіберу арқылы ұсынады;

тауар биржасының биржалық сауда-саттыққа жіберу, биржалық сауда-саттықты өткізу, биржалық мәмілелерді тіркеу және орындау мәселелері бойынша шешімдерін орындайды;

тауар биржасының мүшесі ретіндегі қызметке байланысты құжаттарды, оның ішінде биржалық мәмілелерді жасауға және орындауға қатысты құжаттарды тіркейді, есепке алады және сақтайды;

тауар биржасына оның сұрау салуы бойынша тауар биржасының мүшесі ретіндегі қызметке қатысты құжаттарды ұсынады;

биржалық алымдарды, сондай-ақ тауар биржасы мен клирингтік ұйым алатын өзге де төлемдер мен алымдарды төлеуді жүргізеді;

белгіленген тәртіппен тауар биржасына жасалған биржалық мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат береді;

жасалған биржалық мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындайды;

клиенттің биржалық мәміле бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етеді

130. Тауар биржасы биржалық мәміленің заңдылығын қамтамасыз ету шеңберінде бағаларды айла-шарғы жасау фактісін анықтау және шектеу үшін мынадай шаралар қабылдайды:

1) тиісті биржалық тауарлар бағасының ауытқу шекарасын белгілейді;

2) тауар биржасының электрондық сауда жүйесінде орналастырылатын биржалық тауарды сатып алуға, сатуға арналған өтінімдерге бақылауды жүзеге асырады;

3) жасалған биржалық мәмілелер бойынша биржалық тауарлар бағаларының мониторингін жүзеге асырады;

4) алдыңғы сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан бағаларды негізге ала отырып, бір сауда күні шеңберінде нақты биржалық тауарға бағалар деңгейлерін талдауды жүзеге асырады;

5) биржалық сауда-саттыққа қатысушылардан биржалық сауда-саттыққа тікелей немесе жанама қатысты құжаттар мен мәліметтерді сұратады;;

6) алдыңғы сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан бағаларды негізге ала отырып, бір сауда күні шеңберінде нақты биржалық тауарға бағалар деңгейлерінің ең төменгі және ең жоғарғы шектерінен асу мониторингін жүзеге асырады.

Бағалық айла-шарғы жасау фактісі анықталған кезде тауар биржасы биржалық сауда-саттықты тоқтата тұрады, бұл туралы тауар биржасының мүшесіне, уәкілетті

және монополияға қарсы органдарға тауар биржасының электрондық сауда жүйесін пайдалана отырып немесе басқа да қолжетімді тәсілмен хабарлайды.

19-тарау. Биржалық сауда бойынша құжаттарды қабылдау (бекіту) тәртібі

131. Тауар биржасы мынадай ішкі құжаттарды әзірлейді және бекітеді:

- 1) биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) арналған өтінімнің нысаны мен мазмұны;
- 2) тұрақты жұмыс істейтін биржалық төреліктің регламенті және төрешілер тізілімі;
- 3) биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету туралы үлгі шарттың нысаны;
- 4) тауар биржасы көрсететін қызметтер үшін тарифтер;
- 5) биржалық сауда-саттыққа жіберілген тауардың ерекшелігі және жеткізу шартының стандартты нысаны;
- 6) биржалық сауда-саттыққа жіберілген тауарлардың сауда құралының кодтарын беру тәртібі;
- 7) Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабында көзделген тәртіппен ішкі бақылау қағидалары және оны жүзеге асыру бағдарламалары "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы";
- 8) брокерлік (дилерлік) әдеп кодексі;
- 9) тауар биржасының қызметін жүзеге асыру үшін қажетті, осы қағидаларда белгіленген ішкі құжаттар;
- 10) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі үлгілік стандарттар;
- 11) биржалық сауданы бұзушылардың тізбесін қалыптастыру қағидаларын қамтуға тиіс.

Ескерту. 131-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2025 № 335-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

132. Тауар биржасына регламенттейтін құжаттарды қабылдауға (бекітуге) жол беріледі:

- 1) тауар биржасының сауда жүйесін пайдалану;
- 2) биржалық сауда-саттық арқылы өткізілетін биржалық тауардың сапасына биржалық сауда-саттыққа қатысушының талап етуі бойынша сараптама ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 3) кейіннен уәкілетті органға оның мүшелері болып табылатын брокерлер мен дилерлер бойынша ақпаратты жібере отырып, биржаның ресми сайтында апта сайынғы негізде жариялауды;
- 4) биржалық саудаға байланысты ұйымдастырушылық, консультациялық, ақпараттық, әдістемелік қызметтер көрсету;

5) халықаралық биржалық сауда-саттықты дамыту, сондай-ақ осы қағидаларда көзделген құжаттар.

133. Сауда-саттыққа қатысушылар үшін тауар биржасының ішкі құжаттарында тауар биржасында коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді сауда-саттыққа қатысушылардың, олардың өкілдерінің немесе үшінші тұлғалардың жеке мүдделерінде пайдалануға жол бермейтін олардың сақталуын қамтамасыз ету шарттары болады.

134. Биржалық сауда-саттықты өткізу тетігін регламенттейтін тауар биржасының ішкі құжаттары олар күшіне енгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей тауар биржасының интернет-ресурсында оларды жариялау жолымен тауар биржасы мүшелерінің назарына жеткізіледі.

20 тарау. Өткізілетін биржалық сауда-саттық туралы ақпаратты тауар биржасының интернет-ресурсында орналастыру тәртібі

135. Тауар биржасы осы қағидалардың 131, 132-тармақтарында көрсетілген құжаттарды, оларға өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ өз қызметі туралы, оның ішінде биржалық саудаға қатысушыларға қатысты қабылданатын шешімдер туралы өзге де ақпаратты олар бекітілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өз интернет-ресурсында орналастырады.

135-1. Оларға қатысты жекелеген сауда секциялары көзделмеген биржалық тауарлар бойынша биржалық сауда-саттықты өткізу тауар биржасының интернет-ресурсында тауар биржасы олар басталғанға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастыратын сауда күндері мен сауда-саттық сессияларын өткізу кезеңділігін көздейтін сауда-саттықты өткізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Сауда күндері мен сауда сессияларын өткізу кезеңділігі өзгерген кезде тауар биржасы жаңартылған кестені олар басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тауар биржасының интернет-ресурсында орналастырады.

Ескерту. 20-тарау 135-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136. Әрбір сауда күнінің қорытындысы бойынша тауар биржасы келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тауар биржасының интернет-ресурсының арнайы бөлімінде мынадай мәліметтерді қамтитын биржалық сауда-саттық нәтижелері туралы ақпаратты орналастырады:

Сауда-саттықты өткізу күні;

ЕАЭО СЭҚ ТН коды

тауардың атауы;

Сауда-саттықты ашу және жабу бағасы;

мәмілелердің ең жоғары және ең төменгі және орташа өлшенген бағасы;

мәміленің жалпы сомасы;

Сатушы мен сатып алушының БСН-і;
сатып алушының брокерінің атауы;
сатып алушының атауы;
сатушы брокерінің атауы;
сатушының атауы;
жасалған мәмілелер саны;
жеткізу шарттары.

Тауар биржасында жасалған мәмілелер туралы мәліметтер жалпыға қолжетімді болып табылады.

Ескерту. 136-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

137. Тауар биржасы тауар биржасының аккредиттелген мүшелерінің өзекті тізбесін өзінің интернет-ресурсының арнайы бөлімінде орналастырады, бұл уәкілетті органның ресми хабарламасы болып табылады.

Тауар биржасының атауы, орналасқан жері өзгерген, сондай-ақ басшысы ауысқан және (немесе) тауар биржасы мүшелері қызметкерлерінің құрамы өзгерген кезде тауар биржасы тауар биржасына тауар биржасының мүшелерінен ақпарат келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде Тізбені жаңартады.

138. Тауар биржасы ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей меншікті интернет-ресурсының арнайы бөлімінде стандартталған тауарларға баға белгілеулерді орналастырады.

21-тарау. Мемлекеттік сатып алуды және квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын қоспағанда, тауар биржасы арқылы сатып алуды өткізу тәртібі

Ескерту. 21-тарау алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22 - тарау. Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, жер қойнауын пайдаланушылар сатып алатын тауарлардың Ел ішіндегі құндылығын арттыруды көздейтін стандартталған тауарлармен биржалық сауданың тәртібі

Ескерту. 22-тарау алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23-тарау. Көміртегі бірліктерінің сауда секциясы

177. Қазақстан Республикасындағы көміртегі бірліктерінің сауда жүйесі бастапқы және қайталама көміртегі нарықтарынан тұрады:

1) Бастапқы көміртегі нарығында көміртегі бірліктерін сату жүйесінің операторы көміртегі нарығы субъектілеріне көміртегі квоталарының Ұлттық жоспары резервінің тиісті санатынан көміртегі квотасының бірліктерін сатуды аукцион шарттарында жүзеге асырады.

2) қайталама көміртегі нарығында көміртегі нарығының субъектілері тікелей мәміле арқылы немесе тауар биржасы арқылы көміртегі бірліктерін сатып алу-сатуды өзара жүзеге асырады.

178. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша күші жойылған, өтелген, айналыстан алынған немесе айналыстан шығарылған көміртегі бірліктері осы қағидаларға және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес сауда объектісі болып табылмайды.

179. Көміртегі бірліктерімен биржалық сауда-саттықты ұйымдастыруды жүзеге асыруға ниеті бар тауар биржасы электрондық сауда жүйесін қоршаған орта саласындағы уәкілетті органмен синхрондауды қамтамасыз етеді.

180. Көміртегі бірліктерінің бағалары бойынша дұрыс ақпарат алу мақсатында қалыптасқан нарық конъюнктурасын ескере отырып, тауар биржасындағы көміртегі бірліктерінің бағаларына баға белгілеу жүргізіледі.

181. Биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін көміртегі бірліктерімен биржалық саудаға қатысушылар биржалық қамтамасыз етуді тауар биржасына қызмет көрсететін клирингтік ұйымның шотына енгізеді.

182. Ең төменгі рұқсат етілген бағадан аз жарияланған бағасы бар өтінімдер қарауға қабылданбайды.

183. Сатуға арналған өтінімдерді сатушылар лотқа қояды.

184. Биржалық сауда-саттық осы Қағидалардың 70, 71, 72, 73 және 74-тармақтарында көзделген тәртіппен қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізіледі.

Ескерту. 184-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

185. Мәміле жасалған күні тауар биржасында көміртегі квотасының бірлігіне немесе офсеттік бірлікке бағалардың биржалық баға белгіленімі болмаған кезде баға көміртегі квотасының бірлігіне немесе офсеттік бірлікке бағалардың соңғы қолжетімді баға белгіленімі бойынша айқындалады.

186. Биржалық сауда-саттық нәтижелері биржалық мәмілелер тараптарының құпиялылығы туралы шарттарды сақтай отырып, сауда күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей тауар биржасының меншікті интернет-ресурсында жарияланады.

187. Бастапқы көміртегі нарығындағы көміртегі бірліктерінің сауда ерекшеліктері:

1) аукциондар өткізудің жыл сайынғы күнтізбесін көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторы бекітеді және алдыңғы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей оның интернет-ресурсында жарияланады;

2) жыл сайынғы күнтізбеде көзделген аукционның жоспарланған күнін неғұрлым кеш мерзімге ауыстыруды көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторы бұл туралы аукционға өтінім берген квоталау субъектілерін хабардар ете отырып, 4 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге жүзеге асырады;

3) жыл сайынғы күнтізбеде көзделмеген қосымша аукциондарды көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторы оларды өткізудің жоспарланған күніне дейін күнтізбелік 20 күннен кешіктірмей әлеуетті қатысушыларды хабардар ете отырып, әрбір жылдың желтоқсанында ұйымдастырады;

4) жоспарлы аукционда сатылуға жататын көміртегі квотасы бірліктерінің көлемі тиісті жылы аукцион шарттарында сату үшін көзделген квоталардың жалпы санының жиырма бес пайызынан аспайды;

5) аукционнан сатуға арналған әрбір лоттың мөлшері Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 29 маусымдағы бұйрығымен бекітілген көміртегі бірліктерімен сауда жасау қағидаларына сәйкес белгіленеді № 221 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23719 болып тіркелген);

6) көміртегі бірліктерімен сауда жүйесінің операторы бір квоталау субъектісі бір сауда сессиясы шеңберінде сатып алатын лоттар санына лимит белгілейді;

7) көміртегі бірліктерімен сауда жасау жүйесінің операторы аукцион өткізудің жоспарланған күніне дейін күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей оны жариялай отырып, көміртегі квотасының бірлігі үшін ең төменгі жол берілетін бағаны айқындайды;

8) көміртегі бірліктерін сату жүйесінің операторы кепілдік қамтамасыз ету ретінде оның басқаруындағы көміртегі квотасының бірліктерін пайдаланады.

24-тарау. Мұнай өнімдерін сату секциясы

188. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116 -НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116 -НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

190. Мұнай өнімдерінің биржалық саудасының қатысушылары тауар биржасында дилерлер ретінде аккредиттелген немесе аккредиттелген брокерлер арқылы әрекет ететін сатушылар мен сатып алушылар болып табылады.

Мұнай өнімдерінің биржалық саудасына қатысушыларға мыналар жатады:

1) мұнай өнімдерін сатушылар-мұнай өнімдерін өндірушілер және жеткізу жоспарына енгізілген мұнай берушілер, оның ішінде:

жол битумын сатушылар-өздеріне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде өндірілген битум өндірушілер және битумның меншік иелері;

2) мұнай өнімдерін сатып алушылар-мұнай өнімдерін көтерме жеткізушілер, мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізушілер және түпкілікті тұтынушылар, оның ішінде:

авиациялық отынды сатып алушылар - авиакомпаниялар (түпкілікті тұтынушылар) және авиациялық отынды бөлшек сатушылар.

жол битумын сатып алушылар - битумды сақтау үшін тиісті инфрақұрылымы бар автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органнан берілген ақпарат негізінде тауар биржасында биржалық сауда-саттыққа жіберілген битумды сақтау үшін тиісті инфрақұрылымы бар тұлғалар. Жол битумын сатып алушылардың тізбесі автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

191. Мұнай өнімдері саудасын ұйымдастырушы биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер туралы ақпаратқа негізделген биржалық тауарлар бойынша бағаларды, индекстерді және көрсеткіштерді есептейді.

Өткен айдағы сауда-саттықтың жиынтық нәтижелері мұнай өнімдері сауда-саттығын ұйымдастырушының сайтында есепті айдан кейінгі айдың бірінші күнінен кешіктірілмей жарияланады.

192. Мұнай өнімдері сауда-саттығын ұйымдастырушы биржалық сауда-саттықты ұйымдастыруға байланысты тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастырады.

193. Мұнай өнімдері сауда – саттығын ұйымдастырушы тауар биржасы мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы ай сайын қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушілерді қоспағанда, мұнай берушілер мен мұнай өнімдерін өндірушілердің тізбесін қамтитын тауар биржалары арқылы мұнай өнімдерін беру жоспарын әрбір мұнай беруші мен мұнай өнімдерін өндіруші Қазақстан Республикасының ішкі нарығына жеткізетін мұнай өнімдерінің әрбір түрінің көлемін көрсете отырып алады алдағы күнтізбелік айда тауар биржалары арқылы.

194. Мұнай өнімдерін жеткізу жоспарында көрсетілген мұнай өнімдерінің көлемдерін мұнай өнімдерін сатушылар мұнай өнімдерін жеткізу жоспары бекітілген күнтізбелік ай шеңберінде біркелкі бөлінген бес сауда сессиясы ішінде тауар биржалары арқылы өткізуге қояды.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген күні мұнай өнімдерін өндірудің күтілетін көлемдері туралы ақпарат болмаған жағдайда, тиісті айда мұнай өнімдерінің биржалық сауда-саттығының басталуы осындай ақпарат пайда болғанға дейін кейінге қалдырылады.

195. Мұнай өнімдері тауар биржалары арқылы тиісті сауда құралдары бойынша өткізіледі.

196. Мұнай өнімдері сауда – саттығын ұйымдастырушы тауар биржасы осы қағидалардың 194-тармағында көрсетілген кезең ішінде әрбір сауда құралы бойынша бес сауда сессиясын өткізеді.

Бұл ретте, мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган тауар биржасына мұнай өнімдерін сатып алушылар биржалық сауда-саттыққа әртүрлі сауда сессияларында қатысатын схеманы енгізуді ұсынады.

197. Мұнай өнімдері сауда – саттығын ұйымдастырушы тауар биржасы мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органмен келісілген мұнай өнімдерінің биржалық сауда-саттығын өткізу кестесін олар басталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Сауда күндері мен сауда сессияларын өткізу кестесі мен кезеңділігінің өзгеруі туралы мұнай өнімдерінің биржалық сауда-саттығына қатысушылар сауда күні басталғанға дейін 48 сағаттан кешіктірілмей хабардар етіледі.

198. Мұнай өнімдерін сатушылар әрбір сауда сессиясына мұнай өнімдерін тауар биржалары арқылы жеткізу жоспары шеңберінде олардың өткізуі үшін міндетті мұнай өнімдерінің әрбір түрі көлемінің жиырма пайызын сатуға қояды.

Егер өткен негізгі сауда сессиясында сатуға қойылса, бірақ мұнай өнімдерінің көлемі сатылмаса, мұндай көлем келесі негізгі сауда сессиясында қосымша қойылады.

199. Тауар биржасы арқылы сатып алуға болатын биржалық тауар партиясының ең аз мөлшері бір лотты құрайды.

Лоттың көлемі бір тоннадан кем емес және бір вагон нормасынан артық емес мөлшерді құрайды.

200. Сатуға арналған өтінімдерді мұнай өнімдерін сатушылар лотқа қояды. Егер мұнай өнімдерін сатушының ай сайынғы міндеттемелерінің мөлшері лоттың белгіленген мөлшеріне еселенбеген жағдайда, онда мұнай өнімдерін сатушы лоттың мөлшеріне еселік көлемді, бірақ тауар биржалары арқылы мұнай өнімдерінің тиісті түрін өткізу жөніндегі айлық міндеттемелердің көлемінен кем емес көлемде сатуға қояды.

201. Биржалық қамтамасыз ету мөлшері мәмілелердің болжамды сомасының 15 проценттен аспайды.

Ескерту. 201-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

202. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116 -НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

203. Сауда сессиясы ішінде қалыптастырылатын мұнай өнімі бағасының ең жоғары деңгейі базалық бағаның жүз бір пайызынан аспайды.

204. Сауда сессияларында мұнай өнімдерінің базалық бағасы ретінде мынадай бағалар танылады:

1) жаңадан бекітілген сауда-саттық құралы бойынша бірінші биржалық сауда-саттықта базалық баға Argus Media Limited (Аргус Медиа Лимитед) басылымының "Argus Каспий нарығы" көзінде жарияланатын, Қазақстанның ішкі нарығындағы бағалар деректері бойынша өткен айдың қорытындысы бойынша қалыптасқан тиісті мұнай өнімдерін өндірушінің жеткізу базисінде мұнай өнімдерінің тиісті түрінің көтерме бағалары котировкаларының орташа арифметикалық мәні деңгейінде белгіленеді), Ұлыбритания;

2) Егер сауда-саттық бекітілген сауда құралы бойынша немесе сауда құралдарының тобы бойынша әртүрлі себептер бойынша (мұнай өңдеу зауытын жоспарлы және (немесе) жоспардан тыс жөндеу кезеңін қоса алғанда) 2 (екі) аптадан астам уақыт тоқтатыла тұрған жағдайда, базалық баға осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалады;

3) Егер сауда сессиясының қорытындылары бойынша осы қағидаларға сәйкес осы сауда сессиясына өткізуге жататын мұнай өнімі көлемінің кемінде 70% - ы бойынша мәмілелер жасалған болса, онда келесі сауда сессиясында базалық баға осындай сауда сессиясында қалыптасқан мұнай өнімінің орташа алынған бағасы деңгейінде белгіленеді;

4) Егер сауда сессиясының қорытындылары бойынша осы қағидаларға сәйкес осы сауда сессиясына өткізуге жататын 70% - дан кем, бірақ 30% - дан аспайтын көлемдер бойынша мәмілелер жасалған болса, бірақ бұл ретте мұнай өнімінің орташа алынған бағасы осы сауда сессиясының базалық бағасы деңгейінде немесе одан жоғары қалыптасса, онда келесі сауда сессиясында базалық баға өзгермейді;

5) Егер сауда сессиясының қорытындылары бойынша осы қағидаларға сәйкес осы сауда сессиясына өткізуге жататын мұнай өнімінің 70% - дан кем, бірақ 30% - дан астам көлемі бойынша мәмілелер жасалған болса, бірақ бұл ретте мұнай өнімінің орташа өлшемді бағасы осы сауда сессиясының базалық бағасынан төмен қалыптасса, онда келесі сауда сессиясында базалық баға мұнай өнімінің орташа өлшемді бағасы деңгейінде белгіленеді, осындай сауда сессиясы үшін қалыптасқан;

6) Егер сауда сессиясының қорытындылары бойынша осы қағидаларға сәйкес осы сауда сессиясына өткізуге жататын мұнай өнімі көлемінің 30% - нан кемі бойынша мәмілелер жасалған болса, келесі сессияға базалық баға екі пайызға азаяды.

Мұнай өнімдері сауда-саттығын ұйымдастырушы осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда базалық бағаны мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органмен алдын ала келіседі.

205. Егер мұнай өнімдерін сатушы осы қағидаларға сәйкес бес сауда сессиясында сатуға қойған, бірақ мұнай өнімдерінің көлемі сатылмаған жағдайда, тауар биржасы сатылмаған мұнай өнімдері көлемінің сауда-саттығын жүзеге асыру үшін қосымша

сауда сессиясын белгілейді, бұл ретте қосымша сауда сессиясының қорытындылары бойынша мұнай өнімдері бағасының қалыптасқан деңгейі мынадай негізгі сессиялар үшін базалық бағаны айқындау үшін негіз болып табылмайды.

206. Сауда-саттық нәтижелері мұнай өнімдері сауда-саттығын ұйымдастырушының интернет-ресурсында биржалық мәмілелер тараптарының анонимділігі туралы шарттар сақтала отырып, сауда-саттық күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады.

207. Мұнай өнімдері сауда-саттығын ұйымдастырушы-тауар биржасы:

- 1) сауда күндері мен сауда сессияларын өткізу кестесі мен кезеңділігі;
- 2) тауарды жеткізу базисін (тауарлардың ерекшеліктерін) қоса алғанда, сауда құралдары;
- 3) лоттардың мөлшері;
- 4) мұнай өнімдерінің биржалық сауда-саттығына қатысқаны үшін биржалық комиссияның мөлшері бекітілсін.

Осы тармақтың 1) - 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат тауар биржасының интернет-ресурсында ол бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жарияланады.

208. Мұнай өнімдерін сатып алушылар мен сатушылар мұнай өнімдерінің биржалық саудасына қатысуға рұқсат алу үшін тауар биржасына (биржалық сауда-саттыққа дилер ретінде дербес қатысқан жағдайда) не брокерге олардың мұнай өнімдері нарығындағы мәртебесін растайтын құжаттарды ұсынады.

Құжаттар тізбесін тауар биржасы айқындайды.

209. Сатушы жоспарланған айға жеткізу жоспарының кемінде 50% көлемінде мұнай өнімдерімен жасалған биржадан тыс мәмілелердің тауар биржасында тіркелуін қамтамасыз етеді.

Мұнай өнімдерінің биржадан тыс мәмілелері деп мұнай өнімдерін сатушының тікелей жеткізу шеңберінде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына жасаған мәмілелері түсініледі.

210. Тауар биржасы жасалған мәмілелер негізінде биржалық және биржадан тыс индекстерді есептейді және алынған деректерді ескере отырып, мұнай өнімдері бағасының биржалық дәлізін тауар биржасының интернет-ресурсында жариялай отырып шығарады.

211. Қазақстан Республикасының ішкі нарығында форс-мажорлық жағдайлар, оның ішінде мұнай өнімдерін өндіру көлемінің төмендеуінен туындаған (жоспарлы және жоспардан тыс жөндеу, авариялық жағдайлар, жоспарлы-алдын алу жұмыстары) жағдайлар болған жағдайда, мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган нарықтағы жағдай тұрақталғанға дейінгі кезеңде мұнай өнімдерінің биржалық сауда-саттығын тоқтата тұрады.

Параграф 1. Сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізу жөніндегі секция

212. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116 -НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

213. Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116 -НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

214. Тауар биржасы дилер ретінде аккредиттеген не аккредиттелген брокерлер арқылы әрекет ететін сатушылар мен сатып алушылар сұйытылған мұнай газы биржалық саудасының қатысушылары болып табылады.

Сұйытылған мұнай газымен биржалық сауда-саттыққа қатысушыларға мыналар жатады:

сұйытылған мұнай газын сатушылар-сұйытылған мұнай газын өндірушілер және өздеріне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері;

сұйытылған мұнай газын сатып алушылар-меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде теміржол цистерналарынан оларды толтыру мүмкіндігі бар жалпы көлемі кемінде 60 текше метр сұйытылған мұнай газын сақтау ыдыстары бар не сұйытылған мұнай газын сақтау және ауыстырып тиеу жөнінде қызметтер көрсету туралы шарт жасасқан, өнеркәсіптік тұтынушылар, газ толтыру станцияларының, газ толтыру пункттерінің және (немесе) автогаз құю станцияларының иелері тиісті жеткізу өңірінде газ толтыру станциясының иесімен айына көлемі 60 текше метрден кем емес мұнай газы;

Өнеркәсіптік тұтынушыларға, газ толтыру пункттерінің және (немесе) автомобиль көлігімен сұйытылған мұнай газын беруді көздейтін сауда құралдары бойынша биржалық сауда-саттыққа қатысқан жағдайда, осы тармақтың екінші бөлігі екінші абзацының талаптары қолданылмайды.

215. Сатушылар ай сайын, сауда сессиялары басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тауар биржасына ағымдағы айда тиісті тауар биржасы арқылы өткізуге қоюды жоспарлап отырған сұйытылған мұнай газының көлемі туралы хабарлайды.

Ағымдағы айда тиісті тауар биржасы арқылы өткізудің жоспарланатын көлемдері туралы егжей-тегжейлі ақпаратты тауар биржасы сауда сессиялары басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырады.

216. Тауар биржасы жоспарланатын тоқсанның алдындағы айдың 20 (жиырма) күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде 5 (бес) негізгі сауда сессияларын өткізеді, олардың әрқайсысында сатушылар тауар биржалары арқылы өткізу үшін міндетті сұйытылған мұнай газы көлемінің 20 (жиырма) пайызынан іс жүзінде тиеп-жөнелтумен бірге жоспарланған ай ішінде қояды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген күні өндірушінің меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде

өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері арасында жеткізуге міндетті сұйытылған мұнай газының көлемін бөлуі болмаған жағдайда, мұндай меншік иелері алғашқы 4 (төрт) негізгі сауда сессияларының әрқайсысында сауда-саттыққа шығарады олар бөлуге жоспарлаған сұйытылған мұнай газы көлемінің 20 (жиырма) пайызынан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар үшін бесінші негізгі сауда сессиясы меншік иелері арасында сұйытылған мұнай газын бөлу бекітілген күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жеке өткізіледі, бұл ретте осындай тұлғалардың беру жоспарын орындауы үшін қажетті сұйытылған мұнай газының барлық көлемі сауда-саттыққа шығарылады.

Газды өндіруді, тасымалдауды (тасымалдауды), сақтауды және көтерме саудада өткізуді мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган әрбір сауда сессиясында тауар биржалары арқылы міндетті түрде өткізуге жататын сұйытылған мұнай газын өткізу көлемдерінің мониторингін жүргізеді.

217. Сұйытылған мұнай газы тауар биржалары арқылы тиісті сауда құралдары бойынша өткізіледі, олар мыналарды көздейді::

сұйытылған мұнай газының түрі және оның сапалық сипаттамалары;

сұйытылған мұнай газын беру орны, мерзімі, тиеп-жөнелту тәсілі және өзге де шарттары;

сұйытылған мұнай газына ақы төлеу шарттары;

аумағы шегінде сұйытылған мұнай газы кейіннен сатып алушылардың өткізуіне жататын өңір (өңірлер);

қажет болған жағдайда сауда-саттықты ұйымдастырушы белгілеген шарттар.

218. Сауда күндері мен сауда сессияларын өткізу кестесі мен кезеңділігінің өзгеруі туралы биржалық сауда-саттыққа қатысушылар сауда күні басталғанға дейін 48 сағаттан кешіктірілмей хабардар етіледі.

219. Егер тауар биржалары арқылы тиісті сатушының өткізуі үшін міндетті сұйытылған мұнай газының көлемі 180 (жүз сексен) тоннадан аз болса, онда мұндай сатушы бірінші сауда сессиясынан бастап көлемнің жиырма пайызынан астамын сатуға қояды.

Егер өткен сауда сессияларында сұйытылған мұнай газының көлемі сатуға қойылған, бірақ сатылмаған жағдайда, мұндай көлем кейінгі сауда сессияларында қосымша қойылады.

220. Сұйытылған мұнай газының биржалық сауда-саттығына қатысушылар ай сайын тауар биржасында сатып алатын сұйытылған мұнай газы партиясының (көлемінің) ең төмен мөлшері бір лотты құрайды.

